



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

-дас, -лас, -тас –daş, -taş
-кер(-гер) -kar
-дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік -i
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік –lık, -lik, -luk, -lük (-lılık, -lülük)
-сыз (-сіз) -sız, -sız, -suz, -süz

Зерттеу жұмысындағы мысал ретінде салыстырыла берілетін терминдер Й.Текиннің «Анциклопедик хукук сөзлүү» [3], Е.Йылмаздың «Хукук сөзлүү»[4] және К. Коч, А. Байниязов, В. Башканның «Қазақша-түрікше сөздіктерінен» [5] алынды.

Сонымен, екі тілдегі сөз тудырушы жұрнақтарды салыстыру мақсатында оларды мына кестеге түсірдік:

Қазақ тілінде Түрік тілінде

-шы, -ші –сі, -сі, -си, -сü, -çı, -çi, -çu, -çü

-у -ма, -ме

-м, -ым, -ім –ма, -ме

-нама – name

-дас, -лас, -тас –daş, -taş

-кер(-гер) -kar

-дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік -i

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік –lık, -lik, -luk, -lük (-lılık, -lülük)

-сыз (-сіз) -sız, -sız, -suz, -süz

Көріп отырғанымыздай, зерттеуге алынған 9 түрлі жұрнақтардың 6-ы әр тілдің үндестік заңына бейімделсе де, екі тілге ортақ болып келеді: -шы/-сі; -нама /name; -дас/–daş; –кер/-kar; –лық/–lık; –сыз/ sız. Екі тілдегі жұрнақтардың осындай ұқсастығы бір бірінен алшақ жатқан қазақ және түрік тілдерінің түбі бір түркі тілдері екендігін көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, зерттеуге алынған 9 жұрнақтың 6-ы әр тілдің үндестік заңына бейімделсе де, екі тілге ортақ болып келеді: -шы/-сі; -нама /name; -дас/–daş; –кер/-kar; –лық/–lık; –сыз/ sız. Екі тілдегі жұрнақтардың осындай ұқсастығы бір бірінен алшақ жатқан қазақ және түрік тілдерінің түбі бір түркі тілдері екендігін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Жалын, 2002, 213 б.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. -Л.: (ИМЯ), 1977, 191 с.
3. Текин Й Анциклопедик хукук сөзлүү. -Анкара, 2007,431 б.
4. Йылмаз Е. Хукук сөзлүү. - Анкара, 2006,862 б.
5. Коч К., Байниязов А., Башкан В. Қазақша-түрікше сөздік. – Анкара: Акчаг йайынылары, 2007,679 б.

ӨОЖ 398.221 (=512.161)

«ҚИССАС-УЛ ӘНБИЯ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕНУ ЖҮЙЕСІ

Әділханова Әсел Маратқызы

adilkhanovaa@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.А.Бегимова

XIV ғасырдың басында, яғни Алтын Орда дәуірінде Насреддин Рабғузидың «Қиссас-ул әнбия» деген атаумен көбірек мәлім «Қисса-и Рабғузи» деген қолжазба кітабы шықты. Шығарманың авторы – «Раббат оғыз» атты елді мекеннің қазысы, ғалым Насыреддин Бурханаддин Рабғузи. Насыреддин Бурханаддин Бұл туралы «Қысас ул әнбия» ескерткішінің

кіріспесінде автордың өзі *бу кітабны түзген, таат йолында тизген, машиет ябанын кезген, аз азулуг, көп язуклуг, Рыбат оғызлыг, бир оглы казы Насыр* [1,4] (бұл кітапты жазған, құлшылық жолында тізген, шөл даланы кезген, аз азықты, көп жазықты, Раббат оғызлық, бір қазы Насыр) деп айтып кетеді. Негізінде Рабғузи оның лақап аты болып табылады. Түркітанушы ғалым А.Бомбачидің айтуынша, Рабғузи 1250 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы Баршынкентте өмір сүрген. Сол кездегі атақты Нұсамаддин медресесінде үздік оқып, араб, парсы және түркі тілдерін еркін меңгерген және осы тілдерде еңбек жазған [2,163]. Алайда ғалым мұралары арасында біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тиген жалғыз ғана туынды – «Қисас ул әнбия» ескерткіші. Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмірбаяны, дін-шариғаты баяндалған кітап «Қисас-ул әнбия» деп аталады. Бұл «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Кітап желісінде Мұхаммедке дейінгі пайғамбарлардың өмірі мен бастарынан кешкен оқиғалар, Мұхаммедтің өзі мен мұсылман халифтарының өмірі суреттеледі. «Рабғузи қиссаларындағы» пайғамбарлар туралы әңгімелердің негізгі өзегі, бастапқы түп-тамыры Құраннан алынғанымен, қиссаларға халықтың фантазиясымен кеңейіп, өрбіген, ауызша таралған аңыздар мен ауыз әдебиетінің үлгілері көбірек енген [3,163]. Пайғамбарлар жайлы қиссаларда олардың кереметін баяндауға көп көңіл бөлінеді.

Орта ғасырларда «Қиссас-үл әнбияның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқалары пайда болды да, соған қатысты әртүрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек араб, парсы және түркі т.б. тілдерде өзгеріске түскен қисса нұсқаларын бір жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырады. Рабғузи пайғамбарлар туралы кітаптың араб, парсы тіліндегі нұсқаларын реттеп, қағаз бетіне түсіреді, оны көне түркі тіліне аударып шығады. Кітапты Тоқбуға бекке арнап, сыйға тартады. Бұл хижраның 709-710 жылдары еді, біздің жыл санауымыз бойынша –1310 жыл. Аталған еңбек осы кезеңнен бастап бүкіл түркі халықтарының рухани қазынасына айналады. Рабғузи шығармасының қолжазбасы ғасырлар бойы талай рет көшіріліп жазылып, көптеген көшірмелері арқылы түрлі елдерге таралып кетеді. «Қиссас-ул әнбия» ескерткіші біздің заманымызға бірнеше нұсқада жетті. Алтын орда тұсындағы орта ғасырлық ортақ түркі әдеби тілінде үш нұсқасы бар. Бірі – Лондон, бірі – Қазан, бірі – Ташкент нұсқалары. Ең ертедегі көшірмесі Лондондағы Британия мұражайының кітапханасында сақтаулы. Бұл көне қолжазбалар XIV-XVI ғасырлар аралығында көшірілген, олардың бесеуі бүгінге дейін сақтаулы. Бірақ, олардың біреуі ғана жарық көрген. Оны ғалым К.Гренбек 1948 ж. Копенгаген қаласында басып шығарады (Rabghuzi, Narrationes de prophetis, Kopenhagen, 1948). Осы нұсқасы 1990-1991 жылдары Ташкентте жарияланады. Қиссаның екінші қолжазбасы Санкт-Петербургтегі М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақтаулы. Бұл кітапханада сақтаулы қолжазба беттері реттерінен шатасып кеткен, әрі жалпы мәтіннің 27 пайызы жоғалған. Сонымен қатар Санкт-Петербург қаласының Ғылым академиясы Шығыстану институтында да сақталған қолжазба шамамен 1560 жылы көшірілген [4, 8]. Бұл нұсқасы жаңа редакция болып саналады. Кейбір әңгімелер, хикаялар, көптеген материалдар қосылып, толықтырылған.

Ескерткіштің зерттелуі мен жариялануына келсек, Рабғузидің «Қисас ул әнбия» ескерткіші ғалымдардың назарының зерттелуінде көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың еңбегі айрықша. Ол жөнінде алғаш рет сөз етіп, ескерткішке: «Қисса-сұл әнбия» таза діни кітап қана емес, түгелдей әулиелер, пайғамбарлар туралы хикая да емес. Ерте замандардағы түркі текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз- ертекерінің, өлең-жырларының жинағы, өңделген түрі, ескі ұрпақ мәдениетінің нұсқасы дерлік көркем шығарма», - деп баға берген еді [3, 304]. Бұл ескерткіш қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясында» да жарияланады. Ғалым өз еңбегінде «Қисас ул әнбияның» 1914 жылы Қазанда Каримовтар баспасынан шыққан нұсқасынан «Лұқпан Хакім», «Әбіл мен Каин», «Нұх пайғамбар», «Зұлқарнай», «Адам ата» қиссаларының тақырыбына, мазмұнына жалпы шолу жасайды. Кенжебаевтың бастамалы еңбегінен кейін *Х.Сүйіншілиев,*

Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева және т.б. ғалымдар мол үлес қосты. Аталған ғалымдар арасында «Рабғузи қиссаларын» жан-жақты зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізген А.Қыраубаеваның еңбегін айрықша атауға болады. Сонымен қатар қиссалардың қазақшаға аударылуына Б.Сағындықұлының, Н.Сағындықовтың, Р. Мұқанованың еңбектері бар [5, 280].

Алтын Орда дәуірінің мұрасы «Қиссас-ул әнбия» ескерткіші арқылы біз қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен даму сатыларын тереңірек ұғынып, жан-жақты зерттеу мүмкіндігіне ие боламыз. Себебі аталған ескерткіш өз дәуірі тілі мен әдебиетінің ерекшеліктерін көрсетеді әрі қазақ тілінің тарихы тұрғысынан құнды мәліметтер береді.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасының үлкен саласының бірі зат есімдер және грамматикалық категорияларының тарихи даму сатыларын өзектеу өте маңызды. Жалпы, зат есімнің төрт түрлі грамматикалық категориялары бар. Олар, жекелік және көптік категориясы, зат есімнің тәуелдік категориясы, септік және жіктік категориясы. Яғни, зат есімнің грамматикалық категорияларын жүйелеу арқылы, сол кезеңдегі сөз түрлендіруші қосымшалардың ерекшеліктерін анықтай аламыз. Жалғаулардың қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыра отыра, қаншалықты өзгеріске ұшарағанын көре аламыз.

Ескерткіш тіліндегі септік категориясында қолданылатын септік жалғауларын жинақтайтын болсақ төмендегідей кесте түрінде көрсетуге болады:

Кесте 1

Септіктер	Хорезм тіліндегі жалғаулары	Қазақ тіліндегі жалғаулары
Атау	-	
Ілік	-ni, -nu, -i	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Барыс	-ga, -ka, -ḡa, -nḡa, -nḡa	-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не
Табыс	-ni, -n, -i, -(y)i	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті
Жатыс	-da, -de, -ta, -te	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Шығыс	-din, -dan	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен
көмектес	-(i)n, -(u)n, birle, birlen, bile	-мен (менен) -бен (бенен) -пен (пенен)

Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіш тілінде кездесетін мысалдар.

Септіктер	Хорезм тілінде	Қазақ тілінде
Атау	Ferište (119a/20) Nerse (113b/21)	Періште Нәрсе, зат
Ілік	İlyāsniḡ aḡaḡıḡa tüşdi. (162b/17)	Илиястың аяғына жығылды.
Барыс	men sizlerge külgüci cāhillerden ėrmes-men (128a/4)	Мен сіздерге күлетін надандардан емеспін.
Табыс	Sularni, yulaklarini yaratdı. (3v/4)	Суларын, бұлақтарын жаратты.
Жатыс	Yūsuf erkinde boldılar. (92b/20)	Юсуфтың билігінде болды.
Шығыс	yaman yoldin kütqardı. (1b/6)	Жаман жолдан құтқарды.
Көмектес	Barḡa tiller birle sözler (5v/9)	Барша тілдермен сөздер.

Ал, көптік категориясында сөздің көптік жалғауы сөздерге көптік мағына беретін –лар, –лер, –дар, –дер, –тар, –тер жалғаулары арқылы жасалынады. Хорезм тілінде тек –lar, –ler жалғаулары қолданылады. Мысалы, ескерткіш тілінде кездесетін **Kuḡ kurtlar (16r/7)** - Жан-жануарлар, **Yūsufniḡ ataları (77v/19)** - Юсуфтың әкелері мысалдарынан көре аламыз.

Тәуелдік категориясында Алтын Орда дәуірі ескерткіш тіліндегі жалғаулары:

Кесте 3.

	Жекеше	Көпше
1-жақ	-m, -(I/U)m erkim kalmadı. (77b/21) – күшім қалмады	-(I)mIz, -(U)mIz, -(I)mUz, -(U)mUz ḡarındaḡımız ḡanı? (102b/11) – бауырымыз қайда?
2-жақ	-ḡ, -Iḡ, -Uḡ Seniḡ ḡefḡatiḡ. (214r/11) – сенің	-ḡIz, -ḡUz, -(I)nIz, -(U)nUz, -(U)ḡIz azuḡlarıḡız kayda turur? (129v/16) – тамақтарың

	мейірімін	қайда тұр?
3-жақ	-I, -U, -sI yüki yüñül. (14a/18) – жүгі жеңіл	-IArI Ayakları kabarmış. 178v/3 – аяқтары іскен

Жіктік категориясында Алтын Орда ескерткіш тіліндегі жіктік жалғаулар:

Кесте 4.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-men Melik-men 139r/8 – патшамын	-biz, -miz, -müz Yumuşçılar-miz 183r/21 - жұмысшылармыз
II	-sen Ata-sen 69v/21 – әкесің	-siz Kişiler-siz 119v/7 – адамсындар
III	-ol	-

Қазақ тілінің 3 жақ жекеше және көпше түрлері нөлдік формада болса, Алтын Орда ескерткіш тілінде 3 жақ жекеше түрінде –ol жалғауы жалғанса, 3 жақ көпше түрі қосымшасыз келеді. Қорыта келе, ескерткіш тіліндегі зат есімдер септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы түрленеді. Соның ішінде, ескерткіш тіліндегі септік жалғаулары төмендегідей:

Ілік септігі жалғауы: *-niñ, -niñ, -iñ*

Барыс септігі жалғауы: *-qa/-ka, -ña, -ñğa, -nқа*

Табыс септігі жалғауы: *-ni, -n, -i, -(y)ı*

Жатыс септігі жалғауы: *-da, -de, -ta, -te*

Шығыс септігі жалғауы: *-dın/-dan*

Көмектес септігі «birle», «bile», «birlen» сөзінің тіркесуі арқылы қолданылды.

Ескерткіш тіліндегі көптік жалғауы: -lar/-ler

Қазақ тілінде көптік жалғауы *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* деген алты түрлі фонетикалық нұсқада ұшырайды. Ескерткіш тілінде болса, дауысты дыбыстардың жуан және жіңішкелігіне қарай көптік жалғаудың *-lar/-ler* формасы кездеседі.

Ескерткіш тіліндегі тәуелдік жалғаулар жүйеленді:

Жекеше:

1-ші жақ. *-m, -im/-im, -um/-üm.* Дауысты дыбыстардан соң *-m* жалғанады. Дауыссыз дыбыстардан кейін көмекші дыбыс жалғанады. Яғни, сөздің соңғы буынының дауысты дыбысы еріндік болса *-um/-üm*, езулік болса *-im/-im* жалғанады. **2-ші жақ.** *-ñğ, -inğ /-inğ, -unğ /-ünğ.* Дауысты дыбыстардан соң *-ñğ* жалғанады. Дауыссыз дыбыстардан кейін көмекші дыбыс жалғанады. Яғни, сөздің соңғы буынының дауысты дыбысы еріндік болса *-unğ /-ünğ*, езулік болса *-inğ /-inğ* жалғанады. **3-ші жақ.** *-ı/-i, -u/ü, -si/-si.* Дауыссыз дыбыстардан кейін, соңғы буындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне, еріндік немесе езулік болуына қарай *-ı/-i, -u/ü* жалғанады. *-si/-si* болса, дауысты дыбыстардан кейін қолданылады. Алайда, ескерткіште бұл жалғаулардан тек *-ı/-i, -si/-si* түрі кездеседі.

Көпше:

1-ші жақ. *-mız/-miz, -ımız/-imiz, -umuz/-ümüz, -umuz/-ümüz.*

2-ші жақ. *-ñğız/-ñğiz, -inğız/-inğiz, -unğız/-ünğiz, -unğuz/-ünğüz.*

3-ші жақ. *-ları/-leri.*

Ескерткіштегі жіктік жалғаулар анықталды:

Жекеше:

1-ші жақ: *-men*

2-ші жақ: *-sen*

3-ші жақ: *-*

Көпше:

1-ші жақ: *-biz, -miz, -müz*

2-ші жақ: *-siz*

3-ші жақ: *-*

Ескерткіштегі жіктік жалғауларының қолданылуының қазақ тілінен ерекшелігі – жалғаулардың бөлек немес сызықша арқылы қолданылуы.

«Қиссас-ул әнбия» шығармасы қазақ тілінің тарихи грамматикасы үшін құнды еңбектердің

бірі болып табылады. Өз дәуірі тілі мен әдебиетінің ерекшеліктерін көрсететін «Қиссас-ул әнбия» ескерткіші арқылы қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен даму сатыларын тереңірек ұғынып, жан-жақты зерттеу мүмкіндігіне ие боламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Nasirud-din bin Burhanud-din Rabguzi. Kisasül-enbiya (Peygamber Kıssaları). Haz.: A.Ata, 1.Cilt. Giriş-Metin-Tıpkıbasım. Ankara: TDK Yay., 1997, 616 s.
2. Nasirud-din bin Burhanud-din Rabguzi. Kisasül-enbiya (Peygamber kissaları). Haz.: A.Ata, 2.Cilt. Ankara: TDK Yay., 1997, 820 s.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Өнер, 2008, 304 бет.
4. Semra Canan. Kısasül'enbiya (Rabguzi) üzerine bir dil incelemesi. Kayseri, 2016.
5. Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева). Алматы: Ана тілі, 1991, 280 б.
6. Yılmaz E., Küçük M., Demir N. Kısas-ı Enbiya. Ankara: TDK Yay., 2013, 1295 s.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 2-том. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006, 526 бет.
8. Қазақ тілінің грамматикасы. 1-бөлім. - Алматы, 1967.
9. Төлеуов Ә. Зат есімнің категориясы. - Алматы, 1971.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1964-1991

ӘӨЖ 930.85 = 512.1

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ "БАУЫР" ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Боранбай Аяз Алибекұлы

ayaz_94@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д, профессор А.Шәріп

Көне замандардан бері түрлі мәдениеттер үшін адамның ең үлкен дене мүшесінің бірі - бауырдың алатын орны ерекше болды. Гомердің түсінігі бойынша адамның өмірлік күшінің шоғырланған жері осы мүшеге тиесілі болатын. Көне грек аңызы бойынша адамдарға отты сыйлағаны үшін Кавказ тауларына шынжырланған Прометейдің бауырын күн сайын бүркіт шоқыған, ал бауыр болса түн ішінде қайтадан қалпына келген. Жерорта теңізі және Таяу Шығыстың ежелгі халықтары қой және басқа жануарлардың бауырларын қолданып балгерлік еткен. Платонның түсінуінше бауыр теріс эмоциялардың (ашу, көре алмаушылық пен сараңдық) шығатын жері болған.

Парсы, урду және хинди тілдерінде бауыр (*جگر* немесе *जिगर* - жігер) батылдықтың образы болып саналады. Парсы тілінде "жігер" сөзі сымбатты адам деген мағынаны да білдіреді. Африкандық зулус тілінде "бауыр" мен "ерлік" түсініктері бір сөзбен - "isibindi" деп айтылады. Гбайя тілінде бауыр (sèè) арқылы адамның сезімдері жеткізіледі. "Бақыт" (dí sèè) сөзі сөзбе сөз "жақсы бауыр", ал "наразылық" (dáng sèè) "жаман бауыр" деп аударылса, "қызғану" (ʔáá sèè) сөзі "бауырға салу" деп аударылады. Сонымен бірге осы тілдегі бауыр сөзі "орталық" деген мағынаны да білдіреді [1].

Лезгин тілінде бүркіт пен бауыр үшін бір ғана "лекъ" сөзі қолданылады. Осы сөздің шығу тарихы Кавказдағы көне жерлеу дәстүрімен байланысты болған. Араб саяхатшыларының жазбаларында кейбір тау халықтарының адам өліктерін ағашқа байлап, бүркіттерге жемтік ретінде қалдырылғандығы туралы жазылған. Бірінші кезекте құстар құнарлы бауырға бас салған екен. Тау халықтарының түсінігінше адамның жаны бауырда болған. Сол жан бауыр арқылы бүркітке көшіп ұшып кететін [2]. Бұл арада Прометей туралы